

Рысмагамбетова Нургуль Аргинбаевнаның
«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ және
ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсы»
тақырыбындағы диссертациясының
АНДАТПАСЫ

Диссертация тақырыбының сипаттамасы. Қазіргі антропоэзектік парадигма аясында жүргізіліп жатқан ғылыми лингвистикалық зерттеулер әлемдік, оның ішінде қазақ тіліндегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Соған орай диссертациялық жұмыс қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсының тілдік әрі мәдени ерекшеліктерін салғастырмалы тұрғыда талдауға бағытталған. Зерттеуде әзілдің тіл арқылы көріну жолдары, ұлттық дүниетаныммен, менталитетпен, әлеуметтік құндылықтармен байланысы қарастырылады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі әзіл-оспақтың вербалды құралдары, прагматикалық сипаттары, контекстке тәуелділігі мен коммуникативтік қызметі ашылып, әзілдің мәдени кодтарды жеткізудегі рөлі айқындалады. Сонымен қатар екі лингвомәдениетке тән әзіл-оспақ үлгілерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары тілдік деректер негізінде сипатталады.

Әзіл-оспақ дискурсының ішінде қысқа вербалды қалжың / wit бірлігін талдаудың интегративті моделі көпдеңгейлі талдау жүйесі негізінде салғастырыла талданады.

Модельдің теориялық негізі бірнеше ғылыми бағыттың түйісуінен құралады. Сценарийлік қарама-қарсылыққа сүйенетін семантикалық теория қалжыңдағы екі мағыналық жоспарды анықтауға мүмкіндік берсе, вербалды әзіл-оспақтың жалпы теориясы қалжыңды сценарий, логикалық механизм, жағдаят, нысана, баяндау формасы мен тілдік іске асу тұрғысынан сипаттауға жол ашады. Лингвопрагматикалық бағыт қалжыңның сөйлеу әрекеті ретіндегі қызметтерін (кімге әсер ету, қандай қатынасты сақтау, қандай норманы жұмсарту немесе бұзу ниетін) ашып көрсетсе, лингвомәдени талдау қалжыңдағы ұлттық кодты, фондық білімді, дәстүрлі қарым-қатынас үлгісін және мәдени рұқсат шегін тануға бағытталады. Ал когнитивтік талдау адресаттың бір мағыналық схемадан екінші схемаға қалай өтетінін түсіндіреді.

Талдау барысында әрбір қалжың жеке паспорт арқылы тіркеледі. Паспортта тіл, тұлға, айтушы, тындаушы немесе қатысушы, ситуация, түрткі болған себеп, ұтқыр жауап, дереккөз, бет немесе бөлім, жанрлық форма, тақырыптық домен, негізгі механизм мен прагматикалық қызметі көрсетіледі.

Көпдеңгейлі талдаудан кейін салыстырмалы сипаттау жүргізіледі. Қазақ және ағылшын корпустары бірдей өлшеммен қаралғанымен, олардың комикалық әсерді ұйымдастыруы бірдей емес.

Корпустық нәтиже осы салыстырудың жинақталған көрінісін береді. Мұнда басым механизмдер, тақырыптық өрістер, диалогтық құрылым, фондық білімге тәуелділік, прагматикалық қызмет пен лингвомәдени кодтар

көрсетіледі. Сондықтан корпусстық талдаудың құндылығы сандық көрсеткішпен ғана шектелмейді. Негізгі мақсат әр корпус ішіндегі қалжыңның қалай жұмыс істейтінін, қандай жағдайда әсерлі болатынын, қандай тілдік және мәдени ресурстарға сүйенетінін анықтау болып табылады.

Эксперименттік рецепция модельдің соңғы тексеру қабатын құрайды. Корпуста анықталған белгілер респонденттердің қабылдауымен салғастырылады. Эксперимент олардың түсіну деңгейін, қабылдау қиындығын, әзіл-оспаққа сезімталдығы мен мәдени асимметриясын анықтауға мүмкіндік береді.

Модельдің қорытынды нәтижесі корпусстық талдауды, салыстырмалы сипаттау мен рецептивтік бағалауды бір арнаға біріктіреді. Қысқа вербалды қалжың / wit феномені осы арқылы тілдік форма, прагматикалық қызмет пен лингвомәдени шарт бірлігінде сипатталады. Қазақ және ағылшын материалындағы әмбебап белгілер де, ұлттық-ерекше сипаттар да нақты мәтін, нақты жағдай және нақты қабылдау дерегі арқылы түсіндіріледі. Ол теориялық сызба ретінде, корпус құруға, материалды кодтауға, салыстыруға және эксперимент нәтижелерін түсіндіруге арналған жұмыс құралы ретінде қолданылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Әзіл-оспаққа негізделген күлкі адам өмірінің бір бөлігі болып табылады, күнделікті тұрмыстан бастап саясатқа дейінгі өмірдің барлық саласында орын алады. Жалпыға ортақ құбылыс бола тұра, күлкі әр халықтың өзіне тән менталитеті мен мәдени ерекшеліктерін де айқын көрсетеді. Кез келген ұлттың әзіл-оспағы сол халықтың өмір салтын сақтай келе жылдар бойы қалыптасқан құндылықтары мен дүниетанымына негізделеді. Нақты бір ұлтқа тән әзіл-оспақты толық ұғыну үшін оның ұлттық болмысы мен мәдени фонымен терең таныс болу қажет. Демек әзіл-оспақ дискурсын лингвомәдени тұрғыдан зерделеу – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын тереңірек түсінуге, мәдениетаралық қарым-қатынастағы түсініспеушіліктерді азайтуға ықпал ететін өзекті мәселе. Зерттеу тақырыбының өзектілігі заманауи қоғамдағы тілдік қарым-қатынас түрлерінің ішінде әзіл-оспақтың алатын орны мен оны дискурс деңгейінде талдаудың маңыздылығына негізделеді.

Қазіргі тіл білімінде дискурс ұғымы қарым-қатынастың кең мағыналы түрі ретінде қарастырылады. Ол белгілі бір кезеңнің мәдени-тілдік мәнмәтінін қамтиды. Ал әзіл-оспақ дискурсы – қатысым барысында күлкі әсерін туындатуға бағытталған арнайы түрдегі дискурс, ол позитивті қарым-қатынас құралы бола отырып, түрлі мәдени қауымдастықтардың тілдік сана-сезімін көрсетеді. Әзіл-оспақ, қалжың түріндегі қарым-қатынас адресаттың эмоциясына әсер етіп, тілдесімге бейресмилік пен достық реңк береді. Алайда әзіл-оспақтың қабылдану ерекшеліктері мәдени мәнмәтінмен, ұлттық құндылықтармен байланысты болып келеді. Сондықтан бір қалжың әртүрлі мәдениетте әрқалай қабылдануы мүмкін. Осы қырынан алғанда қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсын салғастыра зерттеу мәдениетаралық қарым-қатынас жасауда өзекті мәселелерді шешуге бағытталған маңызды қадам.

Зерттеу қазақ және ағылшын қалжыңдарынан құралған корпусстық материалдарды операцияландыру арқылы олардың лингвомәдени сипатын, құрылымдық және лингвопрагматикалық белгілерін айқындап, интегративті модель негізінде салғастырмалы талдау арқылы теориялық қана емес, практикалық тұрғыда да құнды нәтижелер бермек. Сонымен қазақ және ағылшын тілдеріндегі әзіл-оспақ дискурсындағы қалжыңның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау – тіл білімінде тың бағыт болып табылады. Қазақ тіліндегі қалжың (wit) бұрын қазақ тіл ғылымында толыққанды қарастырылмаған кешенді құбылыс.

Зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсының (соның ішінде қалжыңның) табиғатын кешенді түрде зерделеу. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей негізгі ғылыми **міндеттер** қойылды:

1. Әзіл-оспақ дискурсы ұғымының ғылыми негіздерін талдап, қазіргі тіл білімінде «дискурс» және «әзіл-оспақ» түсініктерінің мазмұнын айқындау;
2. Қазақ тіліндегі *қалжың* және ағылшын тіліндегі *wit* ұғымдарының семантикалық ерекшеліктерін, мазмұндық аясы мен қолданыс түрлерін зерделеу;
3. Әзіл-оспақ дискурсын зерттеудің әдіснамасын, әзіл-оспақ бірлігін талдаудың интегративті моделін әзірлеу, корпусстық талдау жасау;
4. Қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі қалжыңдау дәстүрінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын интегративті модель негізінде салғастырмалы талдау;
5. Әзіл-оспақ ақпаратты жеткізу және қабылдау механизмдеріндегі мәдениетаралық ерекшеліктерді эксперименттік тәсіл арқылы анықтап, нәтижелерін интерпретациялау.

Зерттеу нысаны – қазақ және ағылшын қоғамдарында тілдік қарым-қатынас жасаудың айрықша түрі болып танылатын әзіл-оспақ дискурсы. Оның ішінде қазақ тіліндегі қалжың, ағылшын тіліндегі *wit* бірліктерінің екі түрлі лингвомәдени ортадағы коммуникацияда қолданысы қарастырылады.

Зерттеу пәні – қалжың түріндегі қарым-қатынас актілері, яғни қазақ және ағылшын тілдеріндегі қалжыңдардың лингвомәдени сипаты, құрылымдық-мағыналық ерекшеліктері және коммуникативтік функциялары.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі. Зерттеу жұмысының теориялық негізін дискурс теориясы, прагмалингвистика, лингвомәдениеттану және әзіл-оспақ теориясы бойынша жарық көрген отандық және шетелдік ғылыми еңбектер құрайды. Атап айтқанда, дискурс ұғымы мен оның түрлеріне қатысты Ю. Хабермас, Т. ван Дейк, А. Карасик еңбектері, тіл мен мәдениет байланысы бойынша Э. Сепир, Б. Уорф, В. фон Гумбольдт пен С. Костомаров, Е. Крамш сынды зерттеушілердің лингвомәдениеттанымдық тұжырымдамалары басшылыққа алынды. Әзіл-оспақ табиғатын түсіндіру мен қалжың, әзіл, ирония, сарказм сияқты комикалық категорияларды ажыратуда жалпы қабылданған теориялық

ұстанымдар пайдаланылды: мысалы, В. Раскиннің сценарийлер оппозициясына негізделген әзіл-оспақ семантикасы, С. Аттардоның вербалды әзіл-оспақ теориясы, сондай-ақ қазақ тіл білімінде А. Салихова, Б. Мәуленова, Г. Ибраева, С. Исакова, Н. Култанбаева және т.б. еңбектеріндегі комикалық дискурсқа қатысты тұжырымдар қарастырылды.

Зерттеуде кешенді талдау түрлері: талдау әдісі, салғастырмалы-типологиялық талдау, контент-талдау, дискурс-талдау сияқты жалпы ғылыми және жеке лингвистикалық әдістер ұштастырыла қолданылды. Сонымен қатар зерттеу барысында материалды жинақтау, жүйелеу, сараптау, бақылау сияқты жалпы ғылыми әдістер, лингвокогнитивтік және лингвомәдени талдау амалдары іске асырылды. Зерттеудің маңызды ерекшелігі – сапалық талдаумен қатар сандық әдісті (эксперименттік тәсілді) қолдану. Корпустық салғастырмалы талдау қолданылды. Атап айтқанда, мәдениетаралық коммуникацияда әзіл-оспақты (қалжыңды) қабылдау ерекшеліктерін анықтау мақсатында сауалнама мен тәжірибе жүргізіліп, нәтижелері статистикалық өңдеуден өткізілді. Бұл аралас әдіснама зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттыруға және қорытындыларды нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеу дереккөздері. Зерттеу жұмысының дереккөздерін дискурсология, лингвомәдениеттану, әзіл-оспақ дискурсы, когнитивті лингвистика, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика және лингвопрагматика, стилистика саласындағы дискурс теориясы мен дискурстық талдау, мәтін лингвистикасы, салғастырмалы тіл білімі, әзіл-оспақ дискурсының зерттеу әдістемесі мәселелерін зерттеген теориялық еңбектер және қазақ тіліндегі қалжыңдар мен ағылшын тіліндегі wit материалдары құрайды (Ахметова З. Өзіңді сағындық. – Полиграфкомбинат. Алматы, 2019-132 б., Деген екен! Бесінші кітапша. Құрастырған М.Ниязбеков.- Алматы. Өнер. К.-1993.-64 б., Деген екен. Баянғали Әлжанов Астана, 2016 – 88 б. ISBN 978-601-7804-14-5, https://adebiportal.kz/kz/news/view/degen-eken-1_10199, <https://abai.kz/post/68153> Boswell J. Boswell's Life of Johnson, LL.D. Abridged and edited by C. G. Osgood. New York: Henry Holt and Company, 1917. Project Gutenberg eBook No. 1564. эл. нұсқа, Twain M. Mark Twain's Speeches. New York: Harper & Brothers, 1910. Project Gutenberg eBook No. 3188. эл. нұсқа., Nicolay H. The Boys' Life of Abraham Lincoln. New York: The Century Co., 1906. Project Gutenberg eBook No. 1815. эл. нұсқа, Franklin B. Autobiography of Benjamin Franklin. Edited by F. W. Pine. New York: Henry Holt and Company, 1916. Project Gutenberg eBook No. 20203. эл. нұсқа.) талдауға алынды. Зерттеу корпусының негізі 100 бірліктен құралды: 50 қазақ жазбаша қалжыңы

(<https://docs.google.com/document/d/1DzdsfnaJDsbm5CjEHWr47nbh9brt-5ji/edit?usp=sharing&oid=107551310207967028371&rtpof=true&sd=true>) және 50 ағылшын жазбаша wit бірлігі (<https://docs.google.com/document/d/1w4ad4uRP8luj63m2uyTvxYBdxixP93dS/edit?usp=sharing&oid=107551310207967028371&rtpof=true&sd=true>).

Зерттеуге қатысымдық жағдайда іске асатын дискурстық бірлік ретінде дербес оқылатын оқиға, қысқа диалог алынды. Корпустың барлық көлемі бірнеше мың сөзді құрайды бұл әрбір ішкорпуста (қазақ тіліндегі және ағылшын тіліндегі) тілдік іске асу жолдарын сенімді түрде айқындауға жеткілікті мөлшер болып табылады. Сауалнаманың әр қатысушысы 10 стимулды бағалады. Осы стимулдардың әртүрлі комикалық механизмдерінің рецепциясын бағалау мақсатында жүргізілген 225 респонденттен алынған сауалнама жауаптарынан құралған материалдар да зерттеу көздеріне енді (<https://forms.gle/wt8souJMenYc7TrMA>, <https://forms.gle/wh2TArVRD4ukmosW8>).

Зерттеу жұмысының әдістері. Зерттеуде жоғарыда аталған теориялық-әдіснамалық негізге сай бірнеше әдіс кешені қолданылды. Зерттеу жұмысымызда әзіл-оспақ дискурсын лингвомәдени қырынан салғастырмалы талдаудың кешенді әдіснамасы ұсынылды. Сондай-ақ әзіл-оспақ бірлігін талдаудың интегративті моделі ұсынылды. Қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақтың бір түрі қысқаша вербалды қалжың/wit мәтіндері салғастырмалы талдау әдісімен талданып, олардың ортақ және айырым белгілері анықталды. Зерттеудің аралас әдіснамасы арқылы сапалық корпус талдауы және сандық эксперименттік талдау жүргізілді. Корпусты іріктеу қағидалары (қысқа вербалды мәтін, 50 қазақ, 50 ағылшын алынды, корпусқа анонимді күлдіргі әңгімелер (анекдоттар), интернеттегі кездейсоқ әзілдер, сахналық монологтар, визуалды мемдер мен көркем шығарма кейіпкерлерінің ойдан шығарылған диалогтары алынып тасталды) жүзеге асырылды. SSTH, GTVN, лингвопрагматика, лингвомәдени талдау және рецептивтік бағалау әдістері қолданылып, психолингвистикалық эксперимент негізінде қазақ және ағылшын тіліндегі әзіл-оспақты тіл иегерлеріне сауалнама жүргізу арқылы алынған нәтижелер талданды. Бағдарламалық өндеу: корпус Microsoft Excel кодтау матрицасында, респондент жауаптары IBM SPSS Statistics 29.0 (2022) бағдарламасында өңделді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеу нәтижесінде қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсының ішінде қалжың екі тілдік материалдар негізінде тұңғыш рет салғастырмалы-лингвомәдени тұрғыдан кешенді талдауға түсті. Ғылыми жаңалық ретінде төмендегідей тұстарды атап өтуге болады: біріншіден, қазақ тіл білімінде бұрын толық қарастырылмаған қалжыңның тілдік құрылымы мен қызметі екі тіл материалы негізінде жүйелі сипатталды; екіншіден, қазақы қалжың мен ағылшындық wit ұғымдарының мазмұндық өрістері салыстырылып, олардың ортақ және өзгеше семантикалық компоненттері анықталды; үшіншіден, қазақ және ағылшын қысқаша вербалды қалжың мәтіндерінде күлкі туғызатын механизмдер (сценарийлік қарама-қарсылық, тілдік қалжың триггерлері т.б.) айқындалып, олардың әр мәдениетте көріну ерекшеліктері көрсетілді; төртіншіден, қазақ және ағылшын қалжыңдары көпдеңгейлі талдау жүйесі нәтижесі бойынша интегративті модель негізінде

салғастырылды; бесіншіден, модель SSTH және GTVN теорияларындағы сценарийлік қарама-қарсылық, логикалық механизм, жағдаят, нысана, баяндау стратегиясы және тілдік іске асу өлшемдеріне сүйене отырып жүзеге асырылды, лингвопрагматикалық, лингвомәдени және рецептивтік қабаттармен толықтырылды. Сол арқылы тіл мен мәдениетке қатысты тың ғылыми мәліметтер алынды. Сондай-ақ зерттеу барысында жүргізілген эксперимент нәтижелері негізінде қазақ аудиториясы мен ағылшын аудиториясының жауаптарындағы қалжыңдарды респонденттердің қабылдау деңгейі, түсіну қиындығы мен мәдени асимметриясы талданып, сандық деректермен дәйектелді. Әзіл-оспақ бірлігін талдаудың жаңа интегративті моделі әзірленіп, ұсынылды. Бұл нәтижелер дискурс теориясының лингвомәдениеттану қырларын толықтыра отырып, қазақ тіл білімінде жаңа ғылыми бағыттың қалыптасуына өзіндік үлес қосады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Бұл зерттеу қазіргі тіл біліміндегі дискурс теориясы, прагмалингвистика, лингвомәдениеттану және мәдениетаралық коммуникация бағыттарын өзара тоғыстыра отырып, әзіл-оспақ дискурсын кешенді түрде қарастырады. Қазақ және ағылшын қалжыңдарының тілдік, семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін салғастырмалы корпустық талдау арқылы дискурстық қарым-қатынастың ұлттық сипатын ашуға үлес қосады. Сонымен қатар қалжың түріндегі вербалды әрекеттерді дискурс деңгейінде қарастыру тіл мен мәдениеттің өзара байланысын сипаттайтын жаңа теориялық тәсілді ұсынуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері тіл мен мәдениеттің коммуникативтік-когнитивтік табиғатын тереңірек түсіндіруге бағытталған ғылыми базаны толықтырады.

Ғылыми жұмыстың практикалық мәні. Зерттеу нәтижелері қазақ және ағылшын тілдерін оқытуда, мәдениетаралық коммуникация мен аударма ісінде, сондай-ақ жалпы тіл білімінің теориялық және қолданбалы салаларында пайдалы болмақ. Атап айтқанда, жұмыс қорытындыларын жоғары оқу орындарында жалпы тіл білімі, сөз мәдениеті, прагматика және мәтін лингвистикасы пәндері бойынша оқыту процесінде иллюстративті материал ретінде қолдануға болады. Әзіл-оспақ дискурсын талдаудың әдіснамасы тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыретін, әсіресе мәдениетаралық прагматикалық компетенциясын арттыруға септігін тигізеді. Сонымен бірге екі түрлі мәдени ортадағы әзіл-оспақ ерекшеліктерін білу шетел тілінен аударма жасауда, халықаралық іскерлік немесе дипломатиялық қарым-қатынаста орын алатын бейресми коммуникацияда пайдасы зор. Зерттеу материалдары мен тұжырымдары көптілді ортада әзіл-оспақты қолданудың тиімді стратегияларын ұсынуға негіз бола алады. Заманауи тіл білімінде даму үстіндегі корпустық талдау, сандық статистика үлгілерін жас ізденушілер өздерінің ғылыми зерттеулерінде пайдалана алады.

Қорыта айтқанда, практикалық маңыздылығы зерттеудің нәтижелері тек білім беру саласында пайдаланылып қана қоймай, мәдениетаралық өзара әрекеттестіктегі айрықша орын алатындығымен анықталады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

Зерттеу барысында алынған маңызды ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар төмендегідей негізгі тезистер түрінде ұсынылады:

1. Әзіл-оспақ дискурсы - мәдениетаралық коммуникацияда маңызды қызмет атқаратын кез келген халықтың ұлттық дүниетанымындағы бірегейлікті көрсететін құбылыс. Әзіл-оспақ коммуникациясы бір жағынан жалпыадамзаттық әмбебап қасиеттерге (күлкі тудыратын инконгруэнтті жағдайлар, сөз ойындары) ие болса, екінші жағынан әр ұлттың өзіндік өмірлік құндылықтары мен дүниетанымын бейнелейді. Сондықтан әзіл-оспақ арқылы ұлттық мәдени кодты тануға болады, бұл мәдениетаралық өзара түсіністікті дамыту үшін маңызды.

2. Қазақ тіліндегі *қалжың* және ағылшын тіліндегі *wit* ұғымдары мазмұндас болғанымен, олардың семантикалық өрістері мен прагматикалық қолданысында ерекшеліктер бар. Қазақы қалжың көбінесе тұлғааралық жағдайға, жақындық шеңберіне, мәртебелік икемділікке және күнделікті өзара сөз ауысумен байланысты болып келеді, әзілі жарасқан ортадағы достық қалжың, қағытпа сөз формасында көрініс тауып, қарым-қатынасты нығайтуға қызмет етеді, ал ағылшын дәстүрінде *wit* қысқалыққа, интеллектуалдық дәлдікке және сөйлеу өткірлігіне, тапқырлыққа, сөздің ұтқыр ойнақылығына негізделген вербалдық шеберлікті білдіреді. Лингвистикалық тұрғыдан қалжың мен *wit* екеуі де тілдік нормадан ауытқу (көпмағыналылық, ирония, гипербола т.б.) арқылы жүзеге асатын когнитивтік тетікке сүйенеді, алайда қазақ және ағылшын мәдениеттерінде олардың әлеуметтік ролінде және бағалануында айырмашылықтар байқалады.

3. Қазақ қалжыңы мен ағылшын *wit* бірлігін салғастыра зерттеу үшін қысқа вербалды қалжың/*wit* корпусына интегративті модель арқылы талдау жасалды. Көпдеңгілі талдау жүйесі нәтижесінде олардың сценарийлік қарама-қарсылығы, семантикалық деңгейі, логикалық механизмі, тілдік іске асуы, фондық білімге тәуелділігі мен рецептивтік бағалануы, прагматикалық қызметі, лингвомәдени деңгейіндегі ерекшеліктері анықталды. Мысалы, семантикалық деңгейде екі тілде де күтілетін және бұрма мағына арасы маңызды. Тілдік қолданыс деңгейінде қазақ мәтіндері диалогтық рөлге, ағылшын мәтіндері сөздің формасына жиі сүйенеді. Прагматикалық қабатта қазақ материалында қалжың көбіне қатысушылар арасындағы жақындыққа сүйенеді. Ағылшын *wit* материалында ұтқыр жауап шешендік жылдамдықты, интеллектуалдық басымдықты немесе әлеуметтік қысымнан ирония арқылы шығуды көрсетеді.

4. Қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл жасау тетіктері ұқсас қағидаларға негізделгенімен, мазмұндық тұрғыда ұлттық ерекшеліктерге ие. Әзіл-оспақ дискурсын жасау және қабылдау үдерістеріндегі әмбебап және ұлттық механизмдер (инконгруэнттілік, интеллектуалдық код, эмоциялық жақындық, мәдени фондық білім) анықталды. Қазақ қалжыңындағы комикалық әсердің әлеуметтік рөл, тұрмыстық жағдай, отбасылық және рәсімдік қатынас, прагматикалық тұспал арқылы жасалатыны, ағылшын *wit* бірлігінде комикалық әсердің дыбыстық

ұқсастық, көпмағыналылық, ирониялық түзету, стилистикалық қарама-қарсылық формалары арқылы жиі іске асатыны айқындалды.

5. Мәдениетаралық коммуникация жағдайында әзіл-оспақты қабылдау сол мәдениеттердің аялық білімі мен дүниетанымына тікелей тәуелді. Жүргізілген эксперимент қорытындылары көрсеткендей, бір тілден екінші тілге тікелей аударылған қалжыңдар көп жағдайда бастапқы әсерді бере алмайды. Оның басты себебі – әзілдің табысты ықпал етуі көбінесе оқырманның немесе тыңдаушының сол ұлт мәдениетіне қатысты фондық білім деңгейіне байланысты екендігінде. Эксперименттік тексеріс қазақ және ағылшын тілді респонденттердің қалжыңдарды қабылдауында айырма бар екенін көрсетті. Қазақ тобы қалжыңды әлеуметтік орындылық, мәнмәтін және рөлдік байланыс арқылы көбірек бағаласа, ағылшын тілді топ қысқа тілдік ойын мен рип жылдамырақ реакциясы арқылы бағалайды.

Зерттеу апробациясы. Ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері, тұжырымдары еліміздегі және шетелдегі ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыға түсті: «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар PhD докторанттар, магистранттар мен студенттеріне арналған XIX халықаралық ғылыми конференциясында (Ақтөбе қаласы 12 сәуір 2023 жыл), А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, «Отандық тілтаным дамуының құрылымдық, коммуникативтік, антропоэлектік модустары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясында (Алматы қаласы 21 сәуір 2023 жыл), «GYLYM JÁNE BILIM - 2024» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясында (Астана қаласы 11 сәуір 2024 жыл), «Түркі әліміне жас көзқарас» (Türk Dünyasına Genç Bakışı) атты халықаралық симпозиумында (Түркия, Анкара қаласы 25-26 сәуір 2024 жыл), Қ. Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық конференциясында (Ақтөбе қаласы 1 қараша 2024 жыл), «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты XXI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Ақтөбе қаласы, 14 сәуір 2025 жыл) жасалған баяндамаларда көрініс тапты.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы:

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 10 мақала жарық көрді, соның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) ғылыми деректер базасына кіретін журналда, 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 6 мақала халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланды.

Scopus ғылыми деректер базасында рецензияланған ғылыми басылымдарда жарияланған еңбектер (Q1):

1. Role of humorous discourse in developing intercultural interaction: a linguacultural analysis // Eurasian Journal of Applied Linguistics (EJAL) , Vol.11, №2, 2025, 177-184. Процентиль 79% Q1. Doi:

<https://doi.org/10.32601/ejal.11214>

<https://www.scopus.com/pages/publications/105009219147>

ҚР Ғж ЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Өзіл-оспақты функционалды-дискурстық талдау. «Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӨТУ Хабаршысы /«Филология ғылымдары» сериясы №4 (том 71) 2023 ж. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.013>

2. Өзіл-оспақ дискурсының лингвомәдени сипаты (қазақ және ағылшын материалдары негізінде). «Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӨТУ Хабаршысы / «Филология ғылымдары» сериясы №2 (том 77) 2025 – бб. 228–243 <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.013>

3. Comparative linguistic and cultural analysis of humorous discourse (based on Kazakh and English materials) А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты ТІЛТАНЫМ №3 (99) 2025 ж. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-215-228>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны // «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің ХІХ халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2023. 102-104 б.

2. Өзіл дискурсының жанрлық ерекшеліктері // ҚР ҒЖЖБМ ғылыми комитеті А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, «Отандық тілтаным дамуының құрылымдық, коммуникативтік, антропоэзектік модустары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы материалдарының жинағы, 2023. – 60-65 б.

3. Өзіл-оспақ дискурсындағы қағытпа жанрының ерекшелігі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Студенттер мен жас ғалымдардың «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» ХІХ Халықаралық ғылыми конференциясының баяндамалар жинағы, 11.04.2024. – 3124-3126 б.

4. Өзіл-оспақ түрлерінің тілдегі қызметі // «Түркі әліміне жас көзқарас». (Türk Dünyasına Genç Bakışı) атты халықаралық симпозиумы, Қажы Байрам Вели университеті, 25-26 сәуір, 2024. – 413-417 б.Түркия, Анкара.

5. Тіл және мәдениеттің өзара байланысы // Қ.Қ. Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі ХІ халықаралық конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2024. – 258-261 б.

6. Дискурс түсінігі. «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты ХХІ халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2025. – 326-328 б.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертация жұмысы кіріспеден, іштей тарауларға бөлінген екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 43–кестені, 7–суретті, 147– бетті құрайды.

Диссертациялық зерттеу жұмысы тіл білімінің **дискурс теориясы, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, дискурсология** сияқты өзекті саласының даму бағыттарына және **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

Докторанттың ғылыми зерттеу бойынша әр жарияланымды дайындаудағы үлесі. Диссертацияның барлық көлемін, зерттеу әдісін таңдауды және зерттеу мақсатына сай міндеттерді шешуді, зерттеу бойынша жарияланымдарды дайындауды автор өз бетінше орындады. Зерттеу тақырыбына сай тапсырмалар беру мен алынған нәтижелерді талқылау ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жүргізілді.